

Ж. Қоныспаев, 2-курс
Ғылыми жетекшісі: А. А. Қалиев, азаматтық-құқықтық пәндер
кафедрасының оқытушысы
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды
академиясы)

ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ: ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ МЕН ОНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Халық түсіне алмайтын құбылысы бар дүниежүзілік экономикалық дағдарыс бір жағынан, ал екінші жағынан жұмыссыздық тұтастай мемлекеттің, қоғамның, оның ішінде әр азаматтың тіршілігіндегі түпкілікті жойылып бітпейтін басты мәселелердің бірі. Елбасының көреген саясатының нәтижесінде дағдарыс шеңгелінен өзгелерден бұрын шығып, өсуді,

өркендеуді бетке алдық. Экономикамыз дамыған сайын мемлекеттің әлеуметтік салада ұстанған саясаты барған сайын тереңдеп, жаңалықтар мен өзгерістер арқылы қанатын кең жаюда.

Жұмыспен қамтудың белсенді саясатын жүргізу Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметінің негізгі әлеуметтік басымдықтарының бірі болып табылады. Жұмыспен лайықты қамтуды қамтамасыз ету — халықты әлеуметтік қорғаудың негізі, адам ресурстары әлеуетін дамыту және іске асырудың маңызды шарты, қоғамдық байлықтың артуы мен өмір сүру сапасын жақсартудың басты құралы.

Әлеуметтік-экономикалық жаңғыру барысында елде қарқынды дамушы еңбек нарығы құрылды, халықтың экономикалық белсенділігі мен жұмыспен қамту деңгейі тұрақты өсуде. Соңғы 10 жылда жұмыспен қамтылған халық саны 6698,8 мыңнан 8141,4 мың адамға артты, ал жұмыссыздық деңгейі 2001 жылғы 12,8 пайыздан 2010 жылдың соңында 5,5 пайызға төмендеді¹.

Еңбек нарығын мемлекет тарапынан реттеу үш түрлі бағытта жүргізіледі: 1) жұмысқа қамтылмаған халықты жұмысқа тұрғызу және еңбек биржалары арқылы оларды кәсіптік қайта дайындау және кәсіптік деңгейін көтеру; 2) икемді еңбек нарығының пайда болуын ынталандыру. Оның мәні — әртүрлі әлеуметтік топтардың (әйелдер, зейнеткер, жастар) ерекшеліктерін толық есепке алу. 3) еңбек қатынастарын құқықтық қорғау.

Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығын және жұмыспен қамту саласын реттеу 1991 жылдан бері негізінен халықты жұмыспен қамтудың арнайы бағдарламалары форматында жүзеге асырылуда. Аталмыш бағдарламалар, халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясат, халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік кепілдіктер аясы Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту заңнамасымен бекітілген. Мемлекет азаматтардың жұмыспен нәтижелі әрі еркін таңдау арқылы қамтылуына жәрдемдесетін саясат жүргізілуін қамтамасыз етеді. Мемлекет азаматтарға халықты жұмыспен қамту саласында: жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауға; уәкілетті органдардың делдалдығы арқылы жұмыс таңдау мен жұмысқа орналасуда жәрдемдесуге кепілдік береді².

Бүгінгі күнде Президенттің тапсырмасына сәйкес Үкімет «Жұмыспен қамту-2020» жаңа бағдарламасын қабылдады. Бұл құжат алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибелерді қамтып отыр және онда еңбек ресурстарының белсенділігі мен мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған әлеуметтік қолдау жүйесі үйлестірілген. Мысалы, әлемдік тәжірибеде мұндай проблемаларды шешу үшін еңбек нарығындағы белсенді бағдарламалар (ЕНББ) пайдаланылады. Бағдарламалар еңбек ресурстарын дамыту, жұмыс күшіне деген сұранысты арттыру арқылы жүзеге асырылады. Экономикалық тұрғыдан алғанда, аталмыш белсенді бағдарламалар жұмыспен қамтудың өнімділігін арттыруды, еңбек өнімділігі мен жалақыны өсіруді пайымдайды, ал әлеуметтік тұрғыда — жұмыссыздықты төмендету, жұмыс белсенділігін арттыру, адам әлеуетін дамыту мәселелерін қарастырады. Осының негізінде қол жеткізілетін оң жетістіктер еңбек нарығындағы белсенді бағдарламалардың Қазақстанның еңбек нарығында да қолдануға болатынын көрсетеді³.

«Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы жүзеге асырыла бастағаннан бері халықты жұмыспен қамту орталықтарына 82 мыңнан астам адам өтініш берді, оның ішінде 56,2 мың адам Бағдарламаға қатысушылардың тізіміне енгізілді, 55,6 мың адаммен әлеуметтік келісімшарттар жасалды. Вакансиялар базасындағы жұмыс орындарына өтініш бергендердің 5,6 мың адам жұмысқа тұрғызылды.

Оған қоса, 68,9 мың адам оқумен қамтылды, бұл жоспардың 94,8 пайызды құрады. Оның ішінде, 44 мың адам кәсіптік дайындықтан өтсе, 21,3 мың адам қайта мамандануға, 3,8 мың адам — біліктіліктерін жетілдіруге жіберілді. Кәсіби оқытуға 431 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары жұмылдырылды.

Жоғарыдағы айтылғандардан екі түрлі қорытынды шығады:

- аталмыш бағдарламалар жүзеге асырылып жатқан күннің өзінде де, бізде әліде жұмыссыздық бар, ол мәселе шешім күтеді;
- жұмыссыздық қарама қайшылықтарға толы.

Біздегі жұмыссыздық, жалпы алғанда жұмыссыздық жұмыс күштерін резервациялайтын қойма рөлін атқарады. Әртүрлі структуралық өзгерістерге ұшырау салдарынан пайда болған

артық жұмыс күші, әрине, белгілі бір уақыттан кейін басқа салаларды меңгеру арқылы жұмыс табады. Бірақ ол үшін оларға мемлекет және қоғам тарапынан көмек қажет. Қарап отырсақ, біздегі жұмыссыздық екі түрлі қарама қайшылыққа кездеседі. Біріншісі кадр тапшылығы болса, екіншісі белгілі бір салаларда оның артықтығы. Осы мәселелер ең бір шешімі қиын мәселелер, дегенмен, оны да жоғарыда айтылған үлкен қоғамдық өзгерістер шешеді.

¹ Жұмыссыздық. Ғаламтор желісі. (Портал статистикасы) // WWW.google.kz

² Хамзин А. Ш., Хамзина Ж. А., Хамзин Л. А. Трудовое право РК: Учебн. — Астана, 2004. — С. 594.

³ Қазақстан Республикасының Президентінің «Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылы 31 наурыздағы № 316 қаулысымен бекітілген // www.zakon.kz